

FTAMP 16.01.45

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v181.i1.ph18>**С.М. Иманқұлова*** , **Н.Ж. Егізбаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: isalta_69@mail.ru

ТЫҢДАЛЫМ МӘТІНДЕРІН ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕЙІМДЕУ ТҮРЛЕРІ

Мақалада тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған мәтін таңдау мен бейімдеу жолдары сөз етіледі. Тыңдалымның сәтті жүзеге асуы тыңдаушының белгілі бір тілдік дағдыларды қалыптастыруына байланысты қарастырылады. Тыңдаушының мәтіндегі негізгі ұғымды қабылдауы, оны қосымшадан бөліп алуы, хабарламаны белгілі бір қарқынмен және белгілі бір ұзақтықта есте сақтауы, тілдік және мағыналық болжам жасауы, қарым-қатынас жағдаятын түсінуі және т.б. проблемалар, тыңдалым мәтіндерін түсінуге кедергі келтіретін білім, білік дағдылары талданады. Тыңдалымға арналған мәтіндер оқиғаны түсінуге, оның мағынасын қабылдауда тілді кеңейтуге, тілдік білімді толықтыруға, жаттықтыруға, яғни жаңа тілдік материалды бекітуге қызмет етеді. Мәтін таңдау мен іріктеу тілді меңгерудің тиімділігін арттырады. Ол үшін аутентті мәтіндерді тілдік мақсатқа сай дұрыс іріктей алу керек. Тыңдалым мәтіндерінде коммуникативтік жағдаяттарды анықтайтын құрылымдық бөліктер (түрі, стилі) басшылыққа алынады. Мәтіндегі шынайы оқиға, өмір, тіл үйренушінің қызығушылығын оятып, пікірталасқа түсуге жетелейді. Сондай-ақ аутентті мәтіндер ауызша сөйлеудегі табиғи интонацияны, мысалы, шамадан тыс эмоционалдылық, бейнелілік, сипаттамаларымен шынайы эмоцияны сипаттайды. Мақалада авторлар аутентті мәтіндердің негізгі аспектілерін, аутентті емес мәтіндерден айырмашылығын, оны аудиторияға бейімдеудің жолдарын көрсетеді. Мәтінді бейімдеу себептері мен тәсілдеріне талдау жасайды.

Түйін сөздер: тыңдалым, мәтін, дағды, мәтін таңдау, мәтінді бейімдеу.

S.M. Imankulova*, N.Zh. Yegizbayeva
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: isalta_69@mail.ru

The textbook as the main means of learning

The article discusses ways of choosing and adapting text to develop listening skills. Successful listening performance depends on the formation of certain language skills of the listener. The listener perceives the main concept of the text, separates it from the secondary, memorizes the message at a certain pace and for a certain period of time, makes linguistic and semantic predictions, understands the communication situation, etc. analyzes the problems, knowledge and skills that interfere with the understanding of texts by audition. Listening texts serve to understand the event, expand the language in the perception of its meaning, supplement linguistic knowledge, train, that is, consolidate new linguistic material. The text choosing and selection increase the efficiency of language learning. To do this, you need to be able to correctly select authentic texts in accordance with the language purpose. When listening to texts, they are guided by the structural parts (type, style) that determine the communicative situation. The real story in the text, life, arouses the interest of the language learner and leads to discussion. Authentic texts also describe natural intonations of speech, such as real emotions with extreme emotionality, images and descriptions. In the article, the authors show the main aspects of authentic texts, their differences from inauthentic texts and how they can be adapted for the audience. Analyze the reasons and ways of adapting the text.

Key words: listening, text, skills, text selection, text adaptation.

С.М. Иманкулова*, Н.Ж. Егізбаева
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: isalta_69@mail.ru

Отбор текстов для аудирования и виды их адаптации

В статье рассматриваются способы выбора и приспособления текста для развития навыков восприятия речи на слух. Успешное выполнение аудирования рассматривается в связи с формированием определенных языковых навыков у слушателя. Анализируются восприятие

слушателем основного понятия в тексте, выделение его из приложения, запоминание сообщения в определенном темпе и длительности, языковая и смысловая догадки, понимание ситуации взаимоотношения и другие проблемы, а также знания, умения и навыки, препятствующие пониманию текстов на слух. Тексты для аудирования служат для понимания события, расширения языка в восприятии его смысла, пополнения и обучения языковым знаниям, т. е. закрепления нового языкового материала. Подбор и отбор текста повышают эффективность изучения языка. Для этого необходимо уметь правильно подбирать аутентичные тексты в соответствии с языковой целью. В текстах для аудирования руководствуются структурными подразделениями (тип, стиль), определяющими коммуникативные ситуации. Реальные истории из жизни вызывают интерес у человека, изучающего язык, и привлекают к вступлению в дискуссию. Также аутентичные тексты описывают естественную интонацию в устной речи, например, искреннюю эмоцию с особенностями чрезмерной эмоциональности, выразительности. В статье авторы раскрывают основные аспекты аутентичных текстов, их отличие от неаутентичных текстов, способы их адаптации к аудитории. Анализируют причины и способы адаптации текста.

Ключевые слова: аудирование, текст, навыки, выбор текста, адаптация текста.

Кіріспе

Тыңдалымға арналған мәтіндерді қалай таңдау керек, таңдалған материалдарды аудиторияның сұранысына сай қалай бейімдеу керек деген тақырып өте өзекті. Бұл мәселе туралы қазақ тілінде материалдар жоқтың қасы. Мәтінтану мәселесі теориялық тұрғыдан талданғанымен, оны практикаға бейімдеу мәселесі көп айтыла бермейді. Осыған байланысты мақаланың өзектілігі туындайды. Сөйлеу әрекетінің тыңдалым бөлігінің зерттелуіне қызығушылық болғандықтан, тыңдаушыға қандай талаптар қойылады, мәтінді іріктейтін әдіскер қабылдаушының материалды дұрыс түсініп, ұғынуы үшін өз ісінде неге мән беруі керек, тілдік норма заңдылықтарын сақтап, белгілі бір мақсатқа бағытталған тілдік әрекетті қалай жүзеге асыруға болады деген мәселені көтердік.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауда сөйлеу әрекетінің ішінде «Тыңдалым» бөлігінің маңызы ерекше. Әдіскер ғалымдар есту арқылы қабылдауды, яғни тыңдалымды сөйлеу әрекетінің ең күрделі түріне жатқызады.

Тыңдалым ауызша хабарламаның мағынасын түсіну, қабылдау, тану және түсіну механизмдерінен тұратын сөйлеу әрекетінің өнімсіз түрі деп қабылданады. *Тыңдалым* – (лат. *audire* – есту) терминін Дэн Браун атты американдық психолог XX ғасырдың 30-жылдары ғылыми айналымға енгізгені белгілі.

Тыңдалым тыңдаушыдан жақсы дайындық пен жылдам реакцияны талап етеді, ол тыңдауға арналған материалды жақсылап ұғынып алмаса, оқылым бөлігі сияқты мәтінге кері қайта алмайды. Тыңдаушы: сөйлеу ағымын қабылдау, хабарлама тақырыбын анықтау, негізгі ұғымды қосымшадан бөліп алу, мәтінді мағыналық

бөліктерге бөлу, логикалық байланысын табу, хабарламаны белгілі бір қарқынмен және белгілі бір ұзақтықта есте сақтау, тілдік және мағыналық болжам жасау, қарым-қатынас жағдаятын түсіну және т.б. білім мен біліктілікке ие болуы керек. Оның есте сақтау мен қабылдау дағдылары, дыбыс пен интонацияны қабылдау мүмкіндігі, яғни, сөйлеудің дыбыстық жағы автоматты түрде қалыптасуы керек. Сондай-ақ, сөздер мен сөз тіркестерін түсіну дағдысы, морфологиялық және синтаксистік деңгейдегі сөйлеудің грамматикалық формаларын саналы түрде тану дағдысы қалыптасуы керек.

Алайда тіл үйренушілердің барлығы мұндай қабілеттерге ие бола бермейді. Танымдық мотивацияның әлсіздігі, дербес іс-әрекет етуге дайын еместік, білім, білік, қабілеттің жетіспеушілігі, қиялдаудың төмендігі, қабылдау мен ойлау процесінің жетілмеуі, шешім шығара алмау, эмоционалды тұрақсыздық, бұйығылық, өзін-өзі бақылау мен талдау жасай алмау, білім алу процесін дұрыс ұйымдастырмау, әлеуметтік қарым-қатынас жасау мен бейімделудің қиындығы және т.б. қатысты проблемалар тыңдалым материалдарын сәтті жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Мәтінді тыңдауда адамдардың *жас ерекшелігін* ескеру қажет. Мысалы, 18-25 аралығындағы жастарға тіл үйрену оңайға түседі. Олардың негізгі психикалық танымдық процестері (назар аудару, жады, ойлау жүйесі) өз дамуының жоғары шегінде болады. 35 жастан асқан адамдарда танымдық процестер (сезіну, қиялдау) бәсеңдеп қалады. Ал 40 жаста назар аудару, ойлау жүйесі, жедел ойлау жадысы, жылдамдық реакциясы төмендеп кетеді.

Келесі мәселе – сөйлеушінің *сөйлеу қарқыны*. Сөйлеу қарқыны дегеніміз – сөз орамдары мен

оның элементтерінің айтылу жылдамдығы. Сөйлеу қарқыны түрлі себептерге: аудитория көлеміне, оның акустикасына, тыңдаушылардың санына, әңгіменің тақырыбына, айтушының жеке ерекшелігіне, ақпараттың жаңашылдығы мен маңыздылығына және т.б. байланысты. Негізгі ақпарат жай айтылады да, қосымша ақпарат тез айтылады. Қандай жағдай болмасын, сөйлеу қарқыны белгілі бір нормаға бағынады. Мысалы, неміс тілінің орташа сөйлеу қарқыны минутына – 110-130 сөз. Ағылшындар одан да жылдамырақ сөйлейді, олардың көрсеткіші минутына – 140-150 сөз. Орыс тілінің орташа сөйлеу қарқыны минутына – 120 сөз, 240-250 буын. Әр тілге қатысты сөйлеу қарқынын ескермесек, сөзді созылықты айту немесе жылдам айту сөйлеушінің интонациясын бұзып, дыбыстардың айтылу нормасын құртады. Мәтін 3 минуттан асып кетсе, мәліметтерді есте сақтау қиындық тудырады.

Сондай-ақ сөйлеушінің *жеке ерекшелігін* де қосуға болады. Оның дикциясының анық болмауы немесе жас ерекшелігі де тыңдаушыға әсер етеді. Осындай жағдайда тыңдау қиынға соғады.

Материал және әдістер

Тыңдалым мәтіндерін іріктеу және оны бейімдеу мәселелеріне қатысты зерттеу әдістерінде мәтіндегі ақпаратты қабылдау және жеткізу кезіндегі механизмдер, мәтін мазмұнындағы қажетті мәліметтерді есте сақтау мен оның санада орнығуына қатысты мәселелер, ондағы тілдік бірліктер, аутенттілік, оның атқаратын қызметі, аутентті мәтіндерді іріктеп алып, аудиторияға бейімдеу және т.б. мәселелер қамтылады.

Лингвист әрі психолог ғалым Н.И. Жинкин «Механизмы речи» деген еңбегінде тыңдалымды психологиялық процесс ретінде қарастыра келе, ақпаратты қабылдау және жеткізу кезінде әсер ететін механизмдерді төмендегідей жіктейді (Zhinkin, 1958:15).

Ақпаратты ұғыну механизмі. Қабылдаушының материалдың мәнін түсінуі (ақпаратты қабылдауы, оның маңыздылығы, қосалқылығы, және т.б.).

Есте сақтау механизмі. Сөз оралымдарын түсіну үшін белгілі бір кезеңге дейін барлық сөздер мен оның құрамдас бөліктерін есте сақтау керек, ал айтылғандардың барлығын түсіну үшін ең болмағанда айтылған оралымдардың негізгі құрамдас бөліктерін есте сақтап қалу керек. Есте сақтаудың негізгі сипаттамасы айтылған матери-

алды есте ұзақ сақтау мен оның санада орнығуы болып табылады.

Есте сақтау процесінің ұзақтығы 2-ге бөлінеді: *қысқа мерзімді* (жылдам қабылдау) және *ұзақ мерзімді* (ұзақ қабылдау).

Қысқа мерзімдіге 10 сек аралығында жеке сөздерді, сөз оралымдарын *қабылдау* жатады, ал *ұзақ мерзімдіге* 10 сек аса уақытта *қабылдау* жатады және ол сөз саны мен грамматикалық құрылымына байланысты болады.

Егер сөйлем ұзақтығы қысқа мерзімді жадыдан асып кетсе, тыңдаушы фразаның басын ұмытып, оның мағынасын жинақтай алмай қалады. Сондықтан тіл үйренудің алғашқы сатысында алдымен қысқа мерзімді жадыны дамыту маңызды.

Алдағы көріністі болжау механизмі. Мәтінді тұтас болжау немесе оның кейбір элементтерін, ықтималдық жағдайларын болжау. Бұл механизм бойынша тыңдаушы материалды белгілі бір бөліктері бойынша (дыбыс, буын, сөз) қабылдайды да, оған есте сақтау жеңіл болады. Яғни, фонематикалық есте сақтау. Мұнда тыңдаушы ауызша сөйлеуді қабылдауда оны мағыналық синтагмаға, сөз тіркесіне, сөзге бөліп, адамның дауыс ырғағын, жылдамдығын, тембр, интонациясын ажырата алады. Бұл материалды дұрыс түсініп қабылдауға көмектеседі.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіл білімінде: М.Серғалиев, Г.Смағұлова, Б.Шалабай, С.Жусанбаева, Г. Кәріпжанова, Г.Әбікенова және т.б. ғалымдар мәтін мәселесін көркем мәтін тұрғысынан қарастырды. Ғылыми еңбектерде көркем мәтінді лингвистикалық талдау, көркем мәтін семантикасы, көркем шығармадағы мәтінтүзімнің теориялық мәселелері сөз болды.

Ал отандық және шетел ғылымдары Р. Гальперин, Г. Солганик, Л. Лиер, Е.Носонович, О. Мильруд, Д. Нуман, Д. Хармер, К. Морроу, И. Франк К. Шо, Д. МакДоноу мәтінді бейімдеудің негізгі техникаларына тоқтала келе, практикалық тұрғыдан мәтінді бейімдеудің жолдарын көрсетті.

Тіл білімінде «мәтін» ұғымының дәл анықтамасы болған жоқ. Оны әр ғалым әр қырынан зерттеді. Себебі бұл жағдай осы ұғымның күрделілігімен түсіндіріледі, оның басқа тілдік бірліктерден айырмашылығы зор. Мәтін сөйлемнің жалғасы немесе сөйлемнен жоғары құрылымдық тілдік бірліктер ретінде анықталады.

И.Р. Гальперин мәтіннің негізгі категорияларына а) ақпараттық, ә) тұтастық, б) уақыт бірлігі; модальдық, подтексті жатқызады (Galperin, 2008). Мәтін құрайтын бұл категориялар өзіндік мазмұн-мақсатына, берілу жолдары мен қалыптарына, тілдік құралдарына қарай сараланады.

Мәтін – коммуникативтік міндеттерді шешуде таптырмас құрал. Тіл үйренуші мәтіндегі тілдік құралдар арқылы тілді интуитивті меңгеруден бастап, саналы, дұрыс, шебер қолдануға дейінгі жаңа бір деңгейге көтеріледі.

Профессор Ф.Ш. Оразбаева мәтінді «адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын жүйелі қатысымдық құрылым» ретінде санайды. «Мәтін – арнайы өңделіп, тілдік норма заңдылықтарын сақтап, белгілі бір мақсатқа бағытталған тілдік әрекеттің жемісі». (Orazbaeva, 2019: 140).

Адамдардың қарым-қатынасының түрлеріне байланысты әртүрлі қатысымдық мақсатқа бағытталған сөйлеу түрлері туындайды. Олардың бастыларын атайтын болсақ: бір нәрсе туралы хабарлау, ақпарат беру; өзінің ниетін, көңіл-күй, сезімін білдіру; басқа адаммен байланыс орнату немесе оған әсер ету т.б.

Осыған байланысты мәтін түрлерінің негізгі қызметтерін былайша топтастырады:

- 1) хабарлау, ақпарат беру қызметі;
- 2) экспрессивтік қызмет;
- 3) бұйыру, ұсыныс, кеңес беру қызметі;
- 4) эстетикалық қызмет, т.б.

Бұлардың ішінде хабарлау, ақпарат беру қызметі басымдыққа ие негізгі қызмет түріне жатады. Мұндай мәтіннің мазмұнын қабылдаушыға берілуге тиіс жаңа мәлімет, білім құрайды. Ақпараттық мәлімет, әсіресе, радио, теледидар және газет хабарларында көбірек кездесетіні белгілі.

Экспрессивтік қызмет адресанттың көңіл-күйін, сезімін, көзқарасын, эмоциясын білдіруде көрінеді. Мұндай мәтіндерге алғыс айту, көңіл білдіру, бата беру, құттықтау, кешірім сұрау, сәлемдесу, қоштасу мазмұнындағы мәтіндер жатады. Ондай мәтіндердің құрамында экспрессивті сөздер, одағай, модаль сөздер көп қолданылады.

Қазіргі таңда қазақ тілін ана тілінде немесе екінші тіл ретінде оқытуда мәтін дамытушылық қызмет атқарады. Мәтін арқылы өз стилі, жеке пікірі бар тілдік тұлғаны қалыптастыруға болады. Ол үшін мәтінді тілдік мақсатқа сай дұрыс іріктей алу керек.

Оқу мәтіндерін іріктеуде әдіскер ғалымдар негізгі 2 бағытты басшылыққа алады: грам-

матикаға бағытталған мәтіндер және коммуникацияға бағытталған мәтіндер.

Грамматикаға бағытталған мәтінді іріктеуде ең алдымен тілді меңгертуге арналған грамматикалық бірліктер негізге алынса, коммуникацияға бағытталған мәтіндерде коммуникативтік жағдаяттарды анықтайтын құрылымдық бөліктер (түрі, стилі) басшылыққа алынады. Коммуникацияға бағытталған мәтіндер қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасына сай ақпаратты қабылдау мен жеткізуді нысанға алады.

Мәтін таңдау мен іріктеу тест тапсырмаларын құрудың тиімділігін арттырудың негізгі шарты болып табылады. Мәтін таңдауда «аутенттілік» (латынша «authenticus»), «аутентті оқыту» (authentic learning) деген термин ХХ ғасырдың 90-жылдарында кең таралды.

Аутенттілік туралы әдіскер ғалымдар арасында бірізділік жоқ, мысалы, Ю.Захарова, Д. Кост оған тілді тұтынушы құрған сөйлеу үлгілерін, мысалы монолог пен диалогті жатқызады.

Т.Ф. Ефремова төмендегідей анықтама береді: «Аутентичный – Исходящий из первоисточника, соответствующий подлиннику; подлинный»;

«Подлинный – 1) Являющийся оригиналом; не скопированный...»;

«Оригинальный – 1) Свойственный оригиналу, характерный для него.

2) Не заимствованный, не подражательный, не переводный; подлинный» (Yefremova, 2000:3).

Шетел және орыс ғалымдарының еңбектерінде «аутенттілік» деген терминді әр түрлі жіктейді. Мысалы, Л. Лиер аутенттіліктің 3 түрін көрсетеді (Lier, 1988).

1) материалдың аутенттілігі – шынайы аутентті, сондай-ақ табиғи тілді, ондағы мағыналық байланысты қолдана отырып, әдістемелік мақсатқа арнайы бейімделген мәтіндер және т.б.

2) прагматикалық аутенттілік – контекстің аутенттілігі, мақсаты, сөйлеу түрлерінің өзара әрекеттесу аутенттілігі.

3) жеке аутенттілік – қатысымның нақты жағдайларына байланысты сөйлеуді түзетуде субъектінің коммуникативтік әрекетті орындау мақсаты мен себебін жете түсінуі.

Аутентті оқу мәтіндерінің параметрлерін Е.В.Носонович және О.П.Мильруд төмендегідей жіктеп көрсетеді (Milrud, Goncharov 2003: 39-43р.).

1) функционалдық аутенттілік – тілдік міндеттерді шешу үшін лингвистикалық құралдарды таңдаудың шынайылығы/табиғилығы;

2) лексика-фразеологиялық аутенттілік – лексика мен фразеологияны дұрыс таңдау;

3) грамматикалық аутенттілік – сөйлеу тіліне тән грамматикалық құрылымдарды пайдалану;

4) құрылымдық аутенттілік – мәтін мен оның логикасын, мазмұны мен тұтастығын құру ерекшеліктері.

5) аутентті безендіру «түпнұсқалық» материалдарды құруға әсер ету үшін.

Д. Нуман білім беру мақсатында құрылмаған кез келген материал аутентті деп саналуы мүмкін екендігін айтады (Nunan, 1989/2000:54)

Шетел ғалымы Д. Хармер аутентті мәтін деп, тілді тасымалдаушылар үшін сол тілде ойлайтын, сөйлейтін адамның жазғанын айтса (Harmer, 2010:146.), К. Морроу қандай да бір ақпаратты жеткізу үшін ақпарат алушының ауызша және жазбаша сөйлеу үшін құрған үзінді мәтіндерін айтады (Morrow, 1977:13).

Нәтижелер мен талқылау

Біздің түсінігімізше, *аутентті деп* тілді қолданушылардың сол тілді тасымалдаушылар үшін де, үйренушілер үшін де мәтін, видео және аудио, суреттеме түрінде көрсететін және тыңдататын *материалдарды санаймыз*. Сондай-ақ белгілі бір мақсатқа сай алынған мәтіндерді тіл үйренушіге ыңғайлап, ықшамдап бере білу әдіс-тәсілдерін де айтамыз.

Аутентті материалдар ол – түпнұсқа мәтіндер. Онда ұлттық мәдени ерекшеліктер мен деректер көрініс табады. Тіл үйренуші сол түпнұсқа мәтіндер арқылы жаңа білім, құндылықтарды, яғни мәдени-танымдық құзіреттілікті қалыптастырады. Мәтіндегі шынайы оқиға, өмір, тіл үйренушінің қызығушылығын оятып, пікірталасқа түсуге жетелейді. Сондай-ақ аутентті мәтіндер ауызша сөйлеудегі табиғи интонацияны, мысалы, шамадан тыс эмоционалдылық, бейнелілік, сипаттамаларымен шынайы эмоцияны сипаттайды. Жартылай аутентті мәтіндер тыңдауға күрделі болып келеді. Табиғаты бойынша олар да аутентті мәтіндер, бірақ өңделген не қысқартылған болып келеді.

Отандық әдіскерлер Е.В. Носонович пен Р.П. Мильруд мәтіндердің аутенттілік аспектілерін төмендегідей жіктеп көрсетеді (Nosonovich, Milrud, 2008: 10-14).

1) Мәдени аутенттілік – сол тілді қолданушылардың өмір сүру жағдайының ерекшеліктерін көрсететінде қолданылатын мәтіндер.

2) Ақпараттық аутенттілік – тіл үйренушінің жас ерекшелігіне сай көкейкесті, маңызды ақпараттары бар мәтіндер.

3) Жағдаяттық аутенттілік – коммуникация жағдайында шынайылықты көрсететін, мысалы, тілді қолданушылар үшін мысал арқылы белгілі бір тақырыпты талқылауға қызықтыруда қолданылатын мәтіндер,

4) Ұлттық ментальдылық аутенттілігі – тілдік бірліктерді қолданудағы ерекшеліктер.

5) Реактивті аутенттілік – мәтіннің білім алушылар үшін эмоционалды жағдай туғызуға қабілеттілігі.

6) Аутентті рәсімдеу – білім алушының назарын оқу құралындағы мәтінді түпнұсқаға сай етіп, мәтіннің коммуникативтік міндетін түсінуді жеңілдететін безендіру.

7) Мәтіндегі оқу тапсырмаларының аутенттілігі, білім алушы бос уақытында түрлі дереккөздермен жұмыс істегенде ынталандыратын тапсырмалардың мүмкіндігі.

Аутентті мәтіндер төмендегідей қызмет атқарады:

1) білім берушілік, яғни, үйретуші, ынталандырушы, семантикалық, стандарттаушы, бақылаушы-реттеушілік.

2) дамытушылық, яғни жады, назар аудару, ойлау механизмдері мен жеке қасиеттерін дамыту

3) тәрбиелік, эстетикалық тәрбие мен тілін үйренуші елдің мәдениетін құрметтеу.

1-кесте – Аутентті және аутентті емес материалдардың негізгі ерекшеліктері

	Аутенттік материалдар	Аутенттік емес материалдар
Құру мақсаты	Өзге тілді шынайы коммуникация	Білім беру мақсаты
Бағыты	Коммуникативтік қабілеттілікті дамыту	Тілдік тұлғалар мен құрылымдарды бекіту
Тілдік мазмұны	Күрделі грамматикалық құрылымдар мен лексика, ықшамдалған сөйлемдер, кідіріс, клише т.б.	
Дереккөздер	Түпнұсқалық дереккөздер	Арнайы дайындалған материал

Тыңдалымға арналған мәтіндер оқиғаны түсінуге, оның мағынасын қабылдауда тілді кеңейтуге, тілдік білімді толықтыруға, жаттық-

тыруға, яғни жаңа тілдік материалды бекітуге қызмет етеді.

Түсінуге жеңіл болу үшін іріктелетін аутентті мәтіндер:

1) мәтінді сол күйінше өңдемей ала салу;
2) бейімделген немесе әдістемелік мақсатқа сай қысқартуға, ықшамдауға түскен, өзгертілген аутентті мәтіндер;

3) жинақталған немесе түпнұсқалық дерекздерге негізделген, грамматикалық, лексикалық өзгеріске ұшыраған аутенттік мәтіндер;

4) Түпнұсқалық негіздемесі жоқ, оқу процесіне лайықталған әзірлемеші тарапынан құрылған мәтіндер.

«Әдістемелік аутентті» мәтіндерді таңдағанда тек қана нәтижеге жетуді ғана ескермей, мәтіннің тұтастығын, байланыстығын, ақпараттылығын, жағдаятқа бейімделуін де ескеру шарт.

Аутентті мәтіндердің негізгі сипаттамалары немесе аспектілері:

– әдістемелік аспект (мәтіннің қолжетімділігі, оқыту міндетіне сай келуі, тиімділігі);

– құрылымдық аспект (мәтіннің құрылымдық байланыстылығы мен тілдік сипаттамалары);

– мазмұндық аспект (сипатталатын жағдаяттың шынайылығы).

Әрине, бұл аспектілер оқытудың нақты міндеттері мен тіл үйренушінің тілдік деңгейіне қарай әдістемелік жағынан өзгеріп отырады.

Бейімделген мәтіндер. «Бейімделген мәтін» термині (лат. *adaptare* – бейімделу):

1. Жас ерекшелігі, мамандығы және тілдік дайындығы бар белгілі бір оқырманға арналған жазба мәтін.

2. Оқушының тілдік құзіреттілік деңгейіне сай жеңілдетілген, оңайлатылған немесе қиындатылған мәтін (Azimov, 2009).

3. Дайындығы нашар оқырмандар мен балаларға шет тілін оқуда жиі қолданылатын, жеңілдетілген көркем-әдеби және басқа да шығармашылық мәтіндер (Вim-Bad, 2002:12).

Берілген терминдерден байқағанымыздай, бейімделген мәтіндер алдымен тілді тұтынушылар тарапынан жазылып, сонан соң мамандар тарапынан тілді үйрету үшін тілдік құзіреттілік деңгейіне сай өңделген аутентті мәтіндердің ерекше түрі екендігін көреміз. Яғни, мәтінді бейімдеу – қабылдаушының деңгейіне сай түпнұсқа мәтінді өңдеу.

Мәтінді бейімдеудің түрлері:

1) *Субъектілік бейімдеу* – мәтінді бейімдейтін адамға қатысты. Адресанттың түпнұсқалық мәтіннің деңгейін түсінуі бейімдеу дәрежесіне тікелей байланысты. Мәтінді бейімдейтін автор алдымен оқырманға түпнұсқалық мәтінді

ұсынады да, сосын өзі түсіндірген/өңдеген жаңа мәтіннің авторы болады. Өңделген мәтіннің сапасы автордың түпнұсқалық мәтінді түсіну қабілетіне байланысты болады. Егер автор осы салада белгілі бір құзіреттілікке ие болса, сәтті шығады да, ие болмаса керісінше болады.

2) *Референциалды бейімдеу* – мәтінді не ақпаратты бейімдеу нысанына байланысты. Шет тілін үйренушілер мәтін мазмұнын толық болмаса да жалпы түсінуі мүмкін, ал мәтіндегі белгілі бір ойды білдіру тәсілінде (күрделі синтаксистік құрылымдар, жиілігі төмен сөздер, фразеологизмдер, мәтіннің ұзақтығы және т.б.) қиындық байқалады. Тілді оңайлату үшін мәтін тілдік деңгейге бейімделеді, яғни өңделеді. Оның үстіне кең көлемдегі оқырмандарға арналғандықтан, жанры түрліше болып келеді. Ал мәтіндегі ақпаратты бейімдегенде сол саланың маманы емес басқа адам өндесе, оқырманға мағынасы толық жетпей жатады. Оған кодекс пен заңдарды, медициналық және басқа да нұсқаулықтарды алғанда ақпараттық жағы түгілі, тілдік түсіндірілу жағының ақсап жатқанын байқаймыз.

3) *Адресаттық бейімдеу.* Бейімдеу адресатын (маман не маман еместерді; топтық, жалпы не жеке адресатты) негізге алады. Мәтін кең көлемдегі оқырмандарға, сондай-ақ шектелген оқырмандарға бейімделеді. Мысалы, шет тіліндегі көркем шығарманы белгілі бір тілдік деңгейдегі оқырмандарға бейімдейді.

4) *Инструменталды/құралдық бейімдеу* мәтінді өңдеу тәсілі негізінде жіктеу. Коммуникация ауызша да, жазбаша да өтетіндіктен, ауызша және жазбаша бейімдеу деп бөлінеді.

Мәтіндік материалдарды бейімдеу оларды өңдеудің тілдік аспектілеріне байланысты болады.

Мәтінді бейімдеу себептерін қарастырайық:

1) Мәтін тілдік деңгейге сай дұрыс таңдалмаған.


2) Мәтіндегі грамматикалық құралдар тестіленушінің тілді меңгеру деңгейіне сай емес.

3) Мәтін қызығушылық тудырады, жаңа лексика енгізілген, пікірталасқа сұранып тұр, бірақ кейбір ой желісі түсіп қалған.

4) Мәтін шамадан тыс коммуникативтік формада берілген, коммуникативтік мақсатты түсіну қиындық келтіреді.

5) Қолданылған лексика тым қиын немесе мәтінде өте көп түсініксіз сөздер кездеседі.

6) Мәтін өте жеңіл және жаңа грамматикалық және лексикалық құрылымдармен толықтырылуы керек



1-сурет – Мәтінді бейімдеу тәсілдері

7) Мәтін күрделі құрылған, негізгі идеяны сақтауда кейбір бөліктері түсіп қалған не қысқарып қалған.

8) Кейбір мәтіндер тым жасанды, еркін оқуға не пайдалануға келмейді.

9) Мәтінде берілген үзінді тілді меңгерушінің намысына не сезімін тиіп кетуі мүмкін.

10) Мәтінде ой логикалық жағынан байланыспаған.

11) Мәтінде мазмұндық байланыс, тұтастық жоқ.

12) Мәтінде тілдік құралдарды пайдалануда жүйелілік сақталмаған.

13) Мәтін тым біржақты, коммуникативтік мақсаты ашылмаған

14) Мәтін соңында қорытынды аяқталмай қалған және т.б.

А.В.Брыгина кандидаттық диссертациясында (Brygina, 2004) мәтінді бейімдеу тәсілдері қабылдаушы мәтіндегі элементті түсінбеген кезде түпнұсқа мәтіннің мағынасына аздаған өзгеріс енгізу арқылы олқылықтың орнын толтыру үшін алмастыратынын айтады.

Редукция/ықшамдау – авторлық жаңалық енгізілгенде сөйлемдер мен құрылымдарды құрау нормасын қалпына келтіру мақсатында мәтін компоненттерінің қолдану тәртібін өзгерту.

Қосу – мәтіннің алғашқы мағынасын қалпына келтіру кезінде қолданылады, кей жерлерінде қалып кеткен ақпаратты мәтін оқырманына түсінбестік туындамас үшін белгілі бір деңгейде қалпына келтіру.

Инверсия – мәтіннің мағыналық тұтастығын көрсету үшін сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын тәртібін өзгерту, алмастыру.

Цитация – бейімдеу тәсіліне жатпайды, аутентті мәтінді көшіріп, ондағы ақпаратты түсіну үшін мәтіннің формасы мен мазмұнына сай алмастыру, мақсаты – мәтіндегі бірізділікті сақтау

Жою – артық қолданылған тілдік бірліктерді (қыстырма сөздер, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, қайталаулар, біржақты мысалдар, риторикалық сұрақтар мен таңданыстар, цитаттар, автордың ойына әсер етпейтін детальдар, түсініктемелер, талдаулар, сипаттамалар, мазмұнға нұқсан келтірмейтін сөздер мен сөйлемдер және т.б.)

Алмастыру – мәтіндегі күрделі оралымдарды, фразеологиялық тіркестерді, қиындық тудыратын грамматикалық не синтаксистік құрылымдарды басқасымен алмастыру.

Орыс ғалымы Илья Франк мәтінді аудармада бейімдеудің 27 технологиясын көрсетеді (www.franklang.ru/index.php/tekhnologiya-adaptatsii). Соның ішінде мәтінді бейімдеуге қатыстысы:

1) Түпнұсқалық мәтіндегі ұзақ параграфтар 2 не одан да көп бөлікке бөліну керек;

2) Сол сияқты ұзақ сөйлемдер де бірнеше бөлікке бөліну керек;

3) Ауыспалы мағынадағы сөздерге түсініктеме берілуі керек;

4) Мәтіндегі жиі қайталанатын сөйлемдерді аударудың қажеті жоқ.

5) Жеке атаулар бейімделуге жатпайды.

Сапасыз бейімдеу/өңдеу мәтіннің ақпараттық және әдістемелік табиғатына әсер етеді. Осыған байланысты К.Шо мен Д.МакДоноу мәтінді бейімдеудің 5 негізгі техникасын ұсынады: толықтыру (adding), жою (deleting), өзгерту (modifying), ықшамдау (simplifying), тәртібін өзгерту (re-ordering). (McDonough J. & Shaw, 2003).

Әрқайсысына тоқталайық:

Толықтыру (adding) мәтінге практиканы қажет ететін тілдік элементтерді қосу. Ол грамматикалық та, лексикалық та, фонетикалық та құбылыс болуы мүмкін. Әр тілдің өз ерекшеліктеріне сай толықтыру.

Жоюды (deleting) белгілі бір мәтінге, аудиоға немесе бейнежазбаға, тіпті оқулыққа да қолданады. Тест жағдайында тілді үйретуге арналмаған мәтін болса, мағынасы жоқ болса

немесе тілдік деңгейге, лексикалық минимумге сай келмесе, шындыққа жанаспайтын үлкен көлемдегі ақпарат болса, халықтың мәдени өмірін негативті көрсететін болса және т.б. факторларға байланысты.

Өзгерту (modifying) негізгі екі жолмен беріледі: қайта өңдеу (rewriting) және қайта құру (restructuring). Егер мәтінмен жұмыс оқуға келетіндей болса, онда оны қайта өңдеуге болады. Себебі тілді қабылдау оны оқу мен тыңдау кезінде ерекшеленеді.

Мәтінді ықшамдау (simplifying) сөйлемнің құрылымына (құрмалас сөйлемдердің орнына жай сөйлемдер), лексикалық мазмұнына (лексиканы минимумға сай бейімдеу), сондай-ақ грамматикалық құрылымына (мысалы, төлеу сөзді төл сөзге айналдыру) әсер етеді. Алайда мұндай өзгерістерді мәтіндегі тілдік аутенттілікті сақтау үшін абайлап қолдану керек.

Орын тәртібін өзгертуге (re-ordering) келсек, мұнда мәтіннің техникасына қатысты, мәтінмен жұмыс кезінде тапсырмаларды орындау тәртібін өзгертуге қатысты.

Қорытынды

Қорыта келгенде, сөйлеу әрекетінің тыңдалым бөлігіне мәтін таңдау өте күрделі де қиын жұмыс. Тыңдалымға арналған мәтіндер оқиғаны

түсінуге, оның мағынасын қабылдауда тілдік білімді толықтыруға, жаттықтыруға, яғни жаңа тілдік материалды бекітуге қызмет етеді. Сондықтан мәтін іріктеуде аутенттілік, кәсіби бағыттылық, ақпараттық, өзектілік, тілдік қолжетімділік, және т.б. өлшемдерге сүйену керек. Мәтін таңдағанда оның белгілі бір мақсатқа құрылуы, тілдік деңгейге сай іріктелуі, оның есте сақтауға жеңіл болуы, мазмұнында ой саларлық, назар аударарлық негізгі сөздің болуы, негізгі ақпараттың қосымша ақпараттан ерекшеленіп тұруы және т.б. белгілері сақталуы керек. Мәтін мазмұны коммуникативтік жағдайға сай құрылуы, тыңдарманға әсер ете білу қызметі, негізгі идеясы көрініс табуы керек.

Олай болмаған жағдайда мәтінді (мейлі ол қарапайым мәтін болсын, мейлі көркем мәтін болсын) іріктеп, тілдік тұлғаның сұранысына сай бейімдеуге тура келеді. Ал автордың жазған түпнұсқасын өзгерту, толықтыру оңай шаруа емес. Мәтін құрылымы, ондағы логикалық жүйе, абзац арасындағы сабақтастық, тілдік бірлік арасындағы байланыс, яғни мәтіндегі тұтастықты толық сақтау – бейімдейтін автордың біліктілігі мен қабілетіне тікелей байланысты. Автор тек мәтін теориясын біліп қана қоймай, тыңдаушыны қызықтыратын, оның тілдік сұранысына сай бөлігін ықшамдап бере білу механизмдерін де қоса меңгеруі керек.

Әдебиеттер

- Жинкин Н.И. Механизмы речи. – М.: Наука, 1958. – 370 с.
 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 2008. – 144 с.
 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Ан-Арыс, 2019. – 584 б.
 Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный / Т.Ф. Ефремова. VII. – М.: Русский язык, 2000. – 1213 с.
 Lier L.V. The Classroom and the Language Learner / L.V. Lier. – N.Y.: Longman, 1988.
 Мильруд Р.П., Гончаров А.А. Теоретические и практические проблемы обучения пониманий коммуникативного смысла иноязычного текста // ИяШ. – 2003. № 1. – С. 39 – 43.
 Nunan D. Designing tasks for the communicative classroom. Cambridge: Cambridge University Press. 1989/2000. p. 54-42, с. 54.
 Harmer J. How to teach English. Pearson, 6-Th impression. 2010. p. 146.
 Morrow K. Authentic Texts in ESP. In S. Holden (Ed.), English for specific purposes. – London: Modern English Publications. 1977. – P. 13.
 Носонович Е.В., Мильруд Г.П. Критерии содержательной аутентичности учебного текста / Е.В. Носонович, Г.П. Мильруд // Иностранные языки в школе. – 2008, № 2. – С. 10-14.
 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009.
 Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. – М., 2002. – С. 12.
 Брыгина А.В. Лингвистические принципы адаптации художественного текста: дис. канд. филол. наук / А.В. Брыгина. – М., 2004. – С. 200.
www.franklang.ru/index.php/tekhnologiya-adaptatsii
 McDonough J. & Shaw C. (2-nd edition) Materials and Methods in ELT. A Teacher's Guide. Malden: Blackwell, 2003.

References

Azimov E. G., Shchukin A.N. (2009) *Novyy slovar metodicheskikh terminov i ponyatii (teoriya i praktika obucheniya yazykam)* [New dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of teaching languages)]. M.: Izdatel'stvo IKAR (In Russian)

Bim-Bad B. M. (2002) *Pedagogicheskiy entsiklopedicheskiy slovar* [Pedagogical encyclopedic dictionary]. M.: 12 p. (In Russian)

Brygina A.V. (2004) *Lingvisticheskiye printsipy adaptirovaniya khudozhestvennogo teksta: dis. kand. filol. nauk/A.V. Brygina* [Linguistic principles of literary text adaptation: dis. cand. philol. sciences/A.V. Brygina]. M.: 200 p. (In Russian)

Galperin I. R. (2008) *Tekst kak obyekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research] . M: Nauka, 144 p. (In Russian)

Zhinkin N. I. (1958) *Mekhanizmy rechi* [Speech mechanisms]. M.: Nauka, 370 p. (In Russian)

Yefremova T. F. (2000) *Novyy slovar russkogo yazyka. Tolkovo-slovoobrazovatel'nyy / T.F. Yefremova* [New dictionary of the Russian language. Explanatory and derivational / T.F. Efremova]. VII. M.: Russkiy yazyk, 1213 p. (In Russian)

Lier L.V. (1988) *The Classroom and the Language Learner / L.V. Lier*. [The Classroom and the Language Learner]. N.Y: Longman (In English)

Morrow K. (1977) *Authentic Texts in ESP*. In S. Holden (Ed.), *English for specific purposes*. London: Modern English Publications. P.13).

Milrud R. P., Goncharov A.A. (2003) *Teoreticheskiye i prakticheskiye problemy obucheniya ponimaniy kommunikativnogo smysla inoyazychnogo teksta* [Theoretical and practical problems of teaching understanding of the communicative meaning of a foreign language text]. *IyaSH*, № 1. 39-43 p. (In Russian)

McDonough J. & Shaw C. (2003) *Materials and Methods in ELT. A Teacher's Guide* (2-nd edition). Malden: Blackwell (In English)

Nosonovich Ye.V. (2008) *Milrud G.P. Kriterii sodержatel'noy autentichnosti uchebnogo teksta / Ye.V. Nosonovich, G.P. Mil'rud* [Criteria for the substantive authenticity of the educational text / E.V. Nosonovich, G.P. Milrud]. *Inostrannyye yazyki v shkole*, № 2. 10-14 p. (In Russian)

Nunan D. (1989/2000) *Designing tasks for the communicative classroom*. Cambridge: Cambridge University Press, 54 p. (In English)

Orazbarva F. Zh. (2019) *Tildik qatynas* [Language communication]. Almaty: An-Arys, 584 p. (In Kazakh)

Harmer J. (2010) *How to teach English*. Pearson, 6-Th impression. p. 146.

www.franklang.ru/index.php/tekhnologiya-adaptatsii